

## Жарғы

<b>Жоба атауы:</b>	Қатты және ылғал қалдықтарды қайта өңдеу
<b>Бастамашылар:</b>	<p>*жоба командасы</p> <p>Шайхиев Талғат Байғараұлы – Жамбыл облысы әкімдігі табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының бөлім басшысы;</p> <p>Алтынбеков Нұрбек Ратбекұлы – Жамбыл облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуды және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының бөлім басшысы;</p> <p>Сұраншы Әлішер Спандиярұлы – Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық дамыту басқармасының бөлім басшысы;</p> <p>Досаянов Дамир Болатұлы – Жамбыл облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустриалды-инновациялық дамыту басқармасының бөлім басшысы.</p>
<b>Жобаның іске асырылу мерзімі</b>	2021-2025 жылдар
<b>Жобаның негіздемесі</b>	<ol style="list-style-type: none"><li>1. Экологиялық кодекстің қабылдануы</li><li>2. 2021-2025 жылдарға арналған «Жасыл Қазақстан» Ұлттық жобасы</li><li>3. *Проблеманы сипаттау (<i>статмәлімет, соңғы жылдар динамикасы т.б.</i>)</li></ol> <p>Қазіргі уақытта еліміздің 3500 полигонында 120 млн тоннадан астам қатты тұрмыстық қалдықтар (ҚТҚ) жинақталған және жыл сайын 5 млн тоннадан астам ҚТҚ түзіледі. Бүгінде еліміз бойынша орташа есеппен қалдықтардың 15% - ы ғана қайта өңделеді. Экология – өзекті мәселе. Бұл – халықтың тұрмыс сапасына ықпал ететін өте маңызды сала. Бірақ, біздегі ахуал ойдағыдай деп айтуға болмайды. Осыған орай, жаңа Экологиялық кодекс қабылданды. Жалпы, бұл мәселеге немқұрайлы қарауға болмайды. Қоршаған ортаға ешқандай оң әсері жоқ, қаражатты құр игеруді көздейтін жасанды</p>

	<p>шараларға жол бермеу қажет.</p> <p>Осы аталған мәселенің маңыздылығына орай 2021-2025 жылдарға арналған «Жасыл Қазақстан» Ұлттық жобасын әзірленді. Әсіресе, қоршаған ортаны қорғау ісіне қажетті барлық көрсеткіштерді цифрландыру – маңызды міндеттердің бірі.</p> <p>мәселені шешу мақсатында Қазақстанда ҚҚЖЗ зауыттарын салу үшін инвесторларды тарту арқылы ҚҚЖЗ технологиясын дамыту жоспарланған. ҚР алты қаласында осындай зауыттардың құрылысына алғашқы аукциондарды инвесторлар арасында 2021 жылғы наурызда өткізу жоспарланып отырғаны жарияланды. Орталық мемлекеттік органдар өкілдерінің айтуынша, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен (әкімдіктермен) жер учаскелерін беру, инфрақұрылым және осы өндірістердің қалдықтарын кемінде 15 жылға кепілді тиеу жөніндегі мәселелер пысықталуда.</p>
<p><b>Жобаның өнімі</b></p>	<p>*нәтиже (экономикалық эффект, сапалық эффект, әлеуметтік эффект, экологиялық эффект және т.б) Экономикалық тұрғыда үнемдеуге және табыс табуға, сапаның артуына, қоқыстан түскен қаржының әлеуметтік салаға жұмсауға, экологиялық мәселелерді шешуге мүмкіндік туады.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Тараз қаласында 400 мың халық тұрады. Әрбір тұрғын жылына шамамен 450 кг қоқыс шығарады. Бұл 160 мың тонна қоқыс. Қоқыс жинаумен 8 жеке кәсіпкер қызмет жасайды. Алайда 11 техника ғана қоқыс жинаумен айналысады. Бұл қызметтің сапасын түсіреді. Сондай ақ, қоқысты сұрыптау дамымаған. Бұған дәлел жиналған қалдықтардың тек 5% ғана сұрыпталады.</li> <li>2. Біздің жоба бойынша қоқысты жинауда қызмет ету тезникасынамен бірге тұрғындардың өздері атсалысатын болады.</li> <li>3. 1 кг қайта өңдеуге жарамды қоқыс үшін 50-130 теңге аралығында қаражат төленеді.</li> </ol>

	<p>4. Қоқыс жинауда түскен қаражат коммуналдық мәселелрді шешуге: үйлердің жөндеу жұмыстарына жұмсалады.</p> <p>5. Қоқыс полигондары жабылып сұрыптау цехтері ашылады.</p>
<p><b>Жобаның SMART мақсаты</b></p>	<p>*SMART аббревиатурасы:          Specific- нақты;          «Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі» 2021 жылы қабылданға кодекстің 351 бабына сүйене отырып жұмыс атқару. Яғни, қалдықтарды жинау және сұрыптауды жүзеге асыру.</p> <p>Measurable-өлшеулі;</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. шығарындыларды ішкі азайту бірлігі - парниктік газдар шығарындыларын азайтудың және (немесе) сіңірудің ішкі жобаларын іске асыру нәтижесінде қол жеткізілген, парниктік газдар шығарындыларын азайтудың және (немесе) сіңірудің көлемін айқындау мақсатында қолданылатын көміртегі бірлігі;</li> <li>2. экологиялық ағарту ісі - қоғамда экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру мақсатында экологиялық білімді, қоршаған ортаның, табиғи ресурстардың жай-күйі, экологиялық қауіпсіздік туралы ақпаратты тарату;</li> <li>3. экологиялық аудит – аудиттелетін субъектілердің шаруашылық және өзге де қызметін экологиялық тәуекелдерді анықтау мен бағалау және олардың қызметінің экологиялық қауіпсіздік деңгейін арттыру жөнінде ұсынымдар әзірлеуге бағытталған тәуелсіз тексеру;</li> <li>4. экологиялық білім беру - жеке адамның қоршаған ортаның жай-күйі үшін</li> </ol>

экологиялық жауапкершілігін қамтамасыз ететін білім мен дағды жүйесін, құндылық бағдарларын, адамгершілік-эстетикалық көзқарасын қалыптастыруға бағытталған, жеке адамды тәрбиелеудің, оқытудың, оның өз бетінше білім алуының және дамуының үздіксіз процесі;

5. экологиялық (жасыл) инвестициялар - бірліктердің белгіленген мөлшерін беруден, Парниктік газдар шығарындарына квоталар бөлудің ұлттық жоспарындағы квоталар көлемінің резервін басқарудан алынған қаражатты парниктік газдар шығарындыларын азайтуға немесе сіңірілуін арттыруға бағытталған жобаларға, бағдарламаларға және іс-шараларға инвестициялау;
6. экологиялық жүйе (экожүйе) - бірыңғай функционалдық тұтастық ретінде өзара іс-әрекет ететін организмдердің және олар мекендейтін тіршіліксіз ортаның өзара байланысты жиынтығы;

Attainable - Кодекстегі өзгерістердің мүмкіндіктерін пайдалану.

Relevant- өзекті сұрыптаудың көлемін арттыру арқылы экологиялық мәсеклені шешу. Тараз қаласында 400 мың халық тұрады. Әрбір тұрғын жылына шамамен 450 кг қоқыс шығарады. Бұл 160 мың тонна қоқыс. Қоқыс жинаумен 8 жеке кәсіпкер қызмет жасайды. Алайда 11 техника ғана қоқыс жинаумен айналысады. Бұл қызметтің сапасын түсіреді. Сондай ақ, қоқысты сұрыптау дамымаған. Бұған дәлел жиналған қалдықтардың тек 5% ғана сұрыпталады.

Timed-белгілі бір уақыт арлығымен шектелген  
2021 – 2025 ж.ж.

<b>Жобаның міндеті</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Экологиялық жағдайды жақсарту</li> <li>2. Қоқыстардан табыс табу</li> <li>3. Сұрыптауды ұлғайту</li> <li>4. Отандық өнімді арттыру</li> <li>5. Қоқыстардан түскен қаражатты шағын аудандардағы үйлердің ағымдағы жөндеу жұмыстарына жұмсау мүмкіндігі</li> </ol>
<b>Жоба сәттілігінің критерийлері</b>	<p>*ең жоғарғы дәреже</p> <p>Экологияны қорғауда ең актуалды мәселені шешу. Қоқыстарды сұрыптауды 70% жеткізу</p>
<b>Стейкхолдерлер</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. ҚР экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі .</li> <li>2. Тұтынушылар;</li> <li>3. Кәсіпкерлер;</li> <li>4. Экология департаменті;</li> <li>5. Архитектура басқармасы;</li> <li>6. Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы.</li> </ol>
<b>Жобаның шектеулері</b>	<p>*жобалық үшбұрыш</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Мерзімі (3 жыл)</li> <li>2. Құны (50 млн тг)</li> <li>3. Мазмұны (Экологиялық кодекстегі заңдылықтарды орындау )</li> </ol>
<b>Жоба тәуекелдері</b>	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жүйесіздіктен инвесторлардың келмеуі</li> <li>2. Тарифтердің төмендігінен жеке кәсіпкердің шығындарының ақталмай қалуы</li> </ol>

- |  |  |
|--|--|
|  | <ol style="list-style-type: none"><li>3. полигондардың жекеменшікте болуы</li><li>4. қоқыс жинау сұрыптауда жауапты органдардың әрдеңгейлілігі</li><li>5. Инфраструктураның болмай қалуы</li></ol> |
|--|--|